

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II - Б. 3-5

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ЕГІСТІГІНДЕГІ ЗИЯНКЕСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Базарқұл Ж.

Қант қызылшасы - аса маңызды техникалық дақыл, халық шаруашылығы маңызы бар. Бұл біздің еліміздегі қант өндіру үшін шикізат беретін жалғыз ауыл шаруашылығы дақылы [1].

Қант қызылшасы екі жылдық өсімдік. Бірінші жылы - жапырақтар шоғы (пәлек) мен тамыржемісі өседі, ал екінші аналық тамыржемісті қайта отырғызу арқылы тұқым алынады. Қант қызылшасының қазіргі мәдени түрлері оның жабайы тегінен шыққан. Қызылшаның жабайы түрлерін адамзат тамаққа және басқа мұқтажы үшін ежелден пайдаланып келген [2].

Қант қызылшасы өндірісінің әлемдік көлемі 2017 жылы 301 млн тоннаны, 2016 жылы - 277 млн тоннаны, 2015 жылы – 241 млн тоннаны құрады. 2014 жылдан бастап (270 млн тонна) қант қызылшасын өндіру 11,5%-ға артты [3].

2017 жылы Қазақстанда қант қызылшасы 19 мың гектар жерге егілді. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша 2021 жылы бұл дақылдың егіс көлемін 32 мың гектарға дейін кеңейту жоспарланған. 2019 жылы Қазақстан халықты отандық қантпен 12% қамтамасыз етеді. Мамандар 2015 жылы бұл тек 3% болды деп айтады. Соңғы жылдары қызылша себуші аудандарда дақылға деген қызығушылық байқалуда. Оның басты себебі фермерлерге қант қызылшасын өсіруге үкімет тарапынан субсидиялар мен басқадай қаржылық көмектердің жасалуы, сонымен бірге ресурс-су үнемдеуші технологиялардың өндіріске енгізілуі деп білеміз. Осыған орай, қант қызылшасы өнімділігі де жоғарлай бастап, бүгінгі таңда орташа есеппен 210-230 ц/га жетті [4].

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, 2018 жылы қант қызылшасы 8 мың гектардан астам алқапқа егілді. Қолайсыз ауа райы жағдайында аграрияларға ылғал үнемдеуші технологиялар мен қазіргі заманғы техниканың кең қолдануының арқасында қант қызылшасының жақсы өнімі жиналды. Ол кезде Жамбыл шаруашылықтарында 120 мың тоннадан астам тамыржемістілер жиналып, орташа өнімділік айналымға 228 центнерді құрады. 2019 жылы ауа райы қолайлы болды, қант қызылшасы 5 600 гектарға егілді. Жоғары сапалы тұқымдарды пайдаланудың арқасында рекордтық нәтижелерге қол жеткізілді – орташа өнімділік айналымға 320 центнерді құрады. 2018 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы шаруашылықтарында рекордтық астық түсімі тіркелді, онда қант

қызылшасына "тәтті тамырдың" кең алқабы бөлінген, ал астық өнімділігі 800 ц/га дейін жетеді [5].

Т.Рысқұлов ауданы жағдайында қант қызылшасы егістігінде зиянкестердің таралуын анықтау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша егістікте негізгі қант қызылшасының кәдімгі бізтұмсығы мен сабақ жемірі зиянкестерінің ошақтары анықталды.

Аудан бойынша 2019 жылғы қызылша бізтұмсықтарының егістікке қоныстануына жүргізілген тексеру жұмыстары барысында 0,1 мың га тексерілді. Қоныстанған көлем 0,01 мың га құрады. Соның ішінде 0,01 мың га төменгі дәрежеде қызылша бізтұмсықтарының қоныстанғаны анықталды. Тексеру жұмыстары барысында қызылша бізтұмсықтарының қоңыздарының алабұталы шөптермен қоректенуі 29-ші сәуірде, ал қант қызылшасы егістігіне ауысуы мамыр айының 13-ші жұлдызында тіркелді. Қызылша бізтұмсығының қоңыздарының орташа саны 1ш.м. 0,5-1 дана кездесті, ең көп саны 2 дана болды. Егістікке қоныстанып, қоректеніп болған соң бізтұмсық қоңыздарының жұптасып шағылысуы мен жұмыртқа салуы мамыр айының 17-ші жұлдызында тіркелді (Кесте 1) [6].

Кесте 1 - Қант қызылша бізтұмсығының егістікке қоныстануына тексеру

Ауылдық округ	Жер көлемі, мың га		1 шаршы метрдегі саны		
	Тексерілгені	Қоныстанғаны	Төмен	орташа	жоғары
Құлан	0,01				
Өрнек	0,01	0,005	0,005		
Абай	0,03				
Көкденен	0,01				
Қарақыстақ	0,02	0,003	0,003		
Көгершін	0,02	0,002	0,002		
Барлығы:	0,1	0,01	0,01		

Т.Рысқұлов ауданы бойынша 2019 жылғы қызылша сабақ жемірі егістікке қоныстануына жүргізілген тексеру жұмыстары барысында 0,1 мың га тексерілді. Қоныстанған көлем 0,004 мың га құрады. Соның ішінде 0,004 мың га төменгі дәрежеде анықталды. Қызылшаның сабақ жемірі қысқы мекендерінен сәуір айының 29-шы жұлдызында шықты. Қант қызылшасы егістігіне көшуі мамыр айының 1-ші онкүндігінде тіркелді. Шағылысуы мамыр айының 20-шы жұлдызында тіркелді. Қызылша сабақ жемірінің қоңыздарының орташа саны 1 ш.м. 0,3 дана кездесті, ең көп саны 1 дана

болды (кесте 2) [6].

Кесте 2 - Қант қызылша сабақ жемірінің дернәсілдерінің қоныстануына тексеру

Ауылдық округ	Жер көлемі, мың га		1 шаршы метрдегі саны		
	Тексерілгені	Қоныстанғаны	Төмен	орташа	жоғары
Құла	0,01				
Өрнек	0,01	0,002	0,002		
Абай	0,03				
Көкденен	0,01				
Қарақыстақ	0,02	0,002	0,002		
Көгершін	0,02				
Барлығы:	0,1	0,004	0,004		

Қант қызылшасы дақылының зиянкестерден қорғау жүйесі агротехникалық, химиялық күрес әдістерін қамтиды. Оларға ғылыми негізделген ауыспалы егістер, топырақты өңдеудің аймақтық жүйелері, оңтайлы себу мерзімдері және көктемгі егіс жұмыстарының жоғары сапасы, сапалы тұқым, зиянкестерге төзімді сорттар мен будандарды өсіру жатады.

Қазіргі кезде өсімдікті химиялық қорғау кең тараған. Бұл әдіс мол өнім алуға мүмкіндік береді, бірақ экологиялық таза өнім алуға бұл әдісті қолдануын азайтқан жөн. Ауданда зиянкестерге қарсы химиялық күресу шарасы кезінде АГРОЦИП, 10% к.э. (альфа-циперметрин, 100 г/л), ЗОЛОН, 35% к.э. (фозалон, 350 г/л) препараттары кең қолданылды (кесте 3) [7].

Кесте 3 – Пестицидтердің қызылша егістігіндегі биологиялық тиімділігі, 2019ж.

Препарат	Зиянды нысандардың саны, % немесе дана/м ²		Биологиялық тиімділігі, %
	Өңделгеннен соң	Өңделмеген алаң	
АГРОЦИП, 10% к.э. (альфа-циперметрин, 100 г/л)	0,21	1,0	79,0
ЗОЛОН, 35% к.э. (фозалон, 350 г/л)	0,53	3,0	82,3

Химиялық препараттардың биологиялық тиімділігі айтарлықтай нәтиже

көрсетті. Зиянкестермен күресу кезінде АГРОЦИП, 10% к.э. (альфа-циперметрин, 100 г/л) препаратын бізтұмсықтардың жаппай дернәсілдену кезінде қолданылып, биологиялық тиімділігі 79,0%, ал ЗОЛОН, 35% к.э. (фозалон, 350 г/л) препаратын қызылша дақылының вегетациясы кезінде қолданылып, биологиялық тиімділігі 82,3%-дық көрсеткіш болды.

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы жағдайында 2018-2019 жж. қант қызылшасы егістігінде 0,1 мың га аумақ тексерілді. Зерттеу нәтижесінде қызылша бізтұмсығы 0,01 мың га, қызылша сабақ жемірі 0,004 мың га таралғаны анықталды. ЭЗШ асқан қызылша бізтұмсығына «Тізімге...» сәйкес пестицидтер қолданылды. Қолданылған пестицидтердің биологиялық тиімділігі Агроцип, 10% к.э. 79,0%, ал Золон, 35% к.э. 82,3% көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР ҰҒА-ның академигі А. О. Сағитовтың жетекшілігімен жазылған «Өсімдік қорғау анықтамасы», Алматы 2015, - 365 б.

2. Д. Шпаар, А. Постников, М. Сушков, Ю. Шпихер «Выращивание сахарной свеклы», Москва 1998, - 188 стр.

3. Қант қызылшасының әлемдік таралуы, <https://qje.su/ekonomicheskaya-teoriya/moskovskij-ekonomicheskij-zhurnal-8-2019-27/> Интернет қоры.

4. A. S. Mendigalieva, Kh. K. Torybayev and S. S. Arystangulov «Noculty of the Ansilopia Austrica in seed wheat sows and measures to flight with them in conditions of Western Kazakhstan» Eco. Env. & Cons. 24(4):2018; pp. (1970-1975).

5. Қант қызылшасы Қазақстанда таралуы, <https://24.kz/ru/news/economy/item/341295-kazakhstan-obespechivaet-sebya-sakharom-roka-na-12> Интернет қоры

6. ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов аудандың филиалы 2019 жылдық есебі.

7. Справочник пестицидов (ядохимикатов) разрешенных к применению на территории Республики Казахстан, 2017-2022 гг.

Ғылыми жетекшіі, а.ш.ғ.к, доцент Арыстангулов С.С